

Халал сәйкестігі сертификатының талапкері мен сертификат иесінің құқықтары мен міндеттері

1. ТАЛАПКЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

- Сертификаттау жүргізілетін стандартты немесе басқа нормативтік құжатты анықтау;
- Сертификаттау аумағын қалыптастыру;
- Сертификаттау жүргізу үшін өтініш беру және оны рәсімдеу;
- Ұйым қызметкерлерін сертификацияның мақсаты мен аумағы туралы хабардар ету;
- Сертификаттау органы үшін бастапқы құжаттар мен алдын ала бағалау және талдау үшін қажетті құжаттарды ұсыну;
- Аудит жүргізу жоспарын келісу;
- Халал бойынша топ құру немесе стандарт талаптарының орындалуын ұйымдастыруға жауапты тұлғаларды тағайындау;
- Бағалау жүргізу үшін барлық қажетті жағдайларды қамтамасыз ету, оның ішінде ұйым бөлімшелеріне, құжаттар мен жазбаларға, ішкі бақылау актілеріне, жабдыққа, персоналға, шағымдар мен талаптарға қол жеткізу;
- Сертификаттауға ұсынылған стандарт немесе басқа құжат талаптарының орындалуын дәлелдейтін құжаттарды ұсыну;
- Аудит топ мүшелерімен серіктестік жасау, аудит мақсаттарына жетуге қолдау көрсету;
- Аудиторлардың тәуелсіздігіне қысым жасамау және әсер етпеу;
- Аудит есебіне сәйкес түзету және алдын алу шараларын жүзеге асыру;
- Сертификаттау жүргізуге байланысты шығындарды нәтижесіне қарамастан уақытылы төлеу.

2. ТАЛАПКЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- Аудиторлық топтың кез келген мүшесін негізді түрде кері қайтару;
- Сертификаттау органының қызметінен қанағаттанбаған жағдайда немесе дау туындаған жағдайда апелляциялар мен шағымдарды қарау комиссиясына жүгіну;
- Сертификаттау органының шешімдері мен әрекеттерін (немесе әрекетсіздігін) уәкілетті органға шағымдану, уәкілетті органның шешіміне келіспеген жағдайда немесе белгіленген мерзімде жауап алынбаған кезде сотқа жүгіну;
- Сертификаттау органынан қызметтер, сертификация жүргізу ережелері, инспекциялық бақылау, өтініштер беру, сертификаттар мен сәйкестік белгісін қолдану тәртібі туралы ақпарат алу.

3. ХАЛАЛ СӘЙКЕСТІГІ СЕРТИФИКАТЫ ИЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

- Сапа менеджменті жүйесі мен өндірістік бақылаудың тұрақты және тиімді жұмысын қамтамасыз ету;
- Өнім мен өндіріс процестерінің Халал сертификация талаптарына үздіксіз сәйкестігін сақтау;
- Инспекциялық бақылау, қайта сертификаттау үшін жағдай жасау, құжаттар мен жазбаларға, ұйым бөлімшелеріне және персоналға қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- Сертификат пен Халал белгісін тек сертификатта көрсетілген аумақта қолдану;
- Сертификат уақытша тоқтатылған немесе күшін жойған жағдайда сертификатты барлық құжаттар мен жарнамалық материалдарда қолдануды тоқтату және сертификатты сертификация органына қайтару;
- Сертификат тоқтатылған немесе күшін жойған жағдайда Халал белгісін өнімнің қаптамасында дереу алып тастау және қаптаманы өз қаражатына ауыстыру;
- Инспекциялық бақылау және қайта сертификаттау кезінде стандарттарға сәйкестігін дәлелдейтін нақты деректер ұсыну;

- Сертификат иесінің Халал талаптарына сәйкестігін сақтау қабілетіне әсер етуі мүмкін жағдайлар туралы дереу хабарлау;
- Ұйым құрылымында, өнімде, технологияда немесе өндіріс жағдайында өнім сапасына елеулі әсер ететін өзгерістер туралы хабарлау және алдын ала сертификация органының рұқсатын алу;
- Инспекциялық бақылау және қайта сертификаттауға байланысты барлық шығындарды белгіленген мерзімде төлеу;
- Халал белгісі, сертификат, сертификат құжаттары, тексеру актілері, аудит есептері сияқты материалдарды тұтынушыларды адастыру немесе сертификация органын қаралау үшін қолданбау.

4. ХАЛАЛ СӘЙКЕСТІГІ СЕРТИФИКАТЫ ИЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- Сертификатты және Халал белгісін белгіленген ережелер мен талаптарға сәйкес пайдалану;
- Сертификаттау аумағын кеңейту үшін өтініш беру;
- Сертификаттау органына қайта сертификаттау үшін өтініш беру;
- Сертификатқа өзгерістер немесе толықтырулар енгізу, дубликат алу, сертификат күшін тоқтату немесе қайта сертификаттау кезінде сертификат алу үшін өтініш беру;
- Инспекциялық бақылау нәтижелерімен келіспеген жағдайда апелляциялар мен шағымдарды қарау комиссиясына жүгіну;
- Сертификаттау органының шешімдері мен әрекеттерін (немесе әрекетсіздігін) уәкілетті органға, уәкілетті органның шешіміне келіспеген жағдайда немесе белгіленген мерзімде жауап алынбаған кезде сотқа шағымдану;
- Сертификаттау органынан қызметтер, сертификация, инспекциялық бақылау, өтініштер беру, сертификаттар мен сәйкестік белгісін қолдану тәртібі туралы ақпарат алу;
- Сертификаттың жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін үш ай бұрын, бірақ ең аз дегенде бір ай бұрын қайта сертификаттау үшін өтініш беру.

5. АҚПАРАТТЫ ҚҰПИЯ ҚАЛДЫРУ

Сертификаттау органының тұрақты және тартылған қызметкерлері, кеңестер мен комиссиялардың мүшелері өз қызметтік функциялары бойынша сертификация процедуралары мен материалдарын немесе басқа ақпаратты білсе, олар осы ақпаратты құпия сақтау қағидаларын ұстануға міндетті.

***Ескерту:** Талапкер мен сертификат иесінің құқықтары мен міндеттері — бұл «Халал» талаптарына сәйкес өндіріс процестері мен өнімді сертификаттау бойынша жұмыстар жүргізу туралы келісімге қосымша ақпарат болып табылады.*